

0 ЖАСТАН 5 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ АЛЛЕРГИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ

Аллергия – бұл иммундық жүйенің патологиялық реакциясы, бұндай жағдайда ағза адамдар үшін қауіпсіз заттарды қауіпті деп санайды. Мұндай заттарға ([аллергендерге](#)) тамақ өнімдері, жануарлардың жүні, өсімдік тозаңдары, жуғыш және химиялық заттар, дәрі-дәрмектер және т. б. жатады.

Аллергиялық реакция вакцинаны еккен кезде де дамуы мүмкін. Алайда оның пайда болу [қаупі](#) үлкен емес және орташа есеппен миллионға 1 жағдайды құрайды.

Аллергиясы бар адамдар аллергияға жауап ретінде әртүрлі реакцияларды береді – түшкіру, көз жасы ағу, мұрынның немесе көздің қышуы, қызару, Квинке ісігі және тіпті анафилактикалық шок. Аллергиясы бар балалардың ата-аналары дәрігерлерге [атопиялық дерматитпен](#) (АТ) жиі жүгінеді – бұл созылмалы тері ауруы, сонымен қатар тамақ аллергиясымен де байланысы бар.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, анамнездегі **аллергиялық аурулар (поллиноз, бронх демікпесі және т.б.) вакциналауға қарсы көрсетілім болып табылмайды. Вакцинаның кез келген компонентіне аллергиялық реакция болған жағдайда ғана вакцинациядан бас тарту керек.**

Желатин, латекс, вакциналар құрамындағы микробқа қарсы препараттар, сондай-ақ тауық жұмыртқасының ақуызы, адамда сирек бірақ аллергияны

тудыруы мүмкін компоненттерге жатады.

Азық-түлік аллергия, поллиноз, атопиялық дерматит, бронх демікпесі вакцинациялаудан **бас тартуға себеп емес!**

Рекомендуемые прививки:

Қызылша, Қызамық, Паротит

[Қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы вакцина \(ҚҚП\)](#) - тірі вакцина, оның құрамында **тауық эмбриондарының іздері** болуы мүмкін.

Тауық жұмыртқасы – вакцина вирусының өсуіне жақсы негіз. Осы себепке байланысты ол вакциналардың кейбір түрлерін, соның ішінде ҚҚП-ны өндіру үшін қолданылады. [Дүниежүзілік аллергия, демікпе және клиникалық иммунология қауымдастығы](#) және [АҚШ-тың Ауруларды бақылау және алдын алу орталығы](#) сияқты беделді ұйымдар ҚҚП вакцинасын жұмыртқа аллергиясы бар балалар үшін қауіпсіз деп санайды. Бұл пікір ҚҚП вакцинасын алу ерекшеліктеріне негізделген – оның қазіргі түрлері тауық эмбриондарының фибробласт дақылдарында өсіріледі. Фибробласттар – дәнекер тіннің жасушалары. Олардың құрамында жұмыртқаның ақуызы аз немесе мүлдем жоқ.

ҚҚП-ның құрамына кіретін тағы бір күшті аллерген – желатин. Вакцина өндірісінде ол тұрақтандырғыш ретінде қолданылады. Алайда тауық жұмыртқасы сияқты, бұл мәселе бойынша алаңдаушылық туғызбауы керек, себебі [Қазақстанда қолданылатын](#) ҚҚП вакцинасының құрамында жоғары гидролизденген өндірістік желатин қолданылады. Оның іс жүзінде аллергия тудыру қаупі өте төмен.

Айтып кететін келесі зат – неомицин. Неомицин – тірі вакциналардың, соның ішінде ҚҚП-ның, құрамына кіретін антибиотик. Неомицинге [жедел анафилактикалық реакциясы](#) болатын балаларға ҚҚП вакцинасын егуге **қатаң тыйым салынады.**

Егер жалпы қарсы көрсетілімдер туралы айтатын болсақ, олардың тізімі [ҚҚП вакцинасының](#) аннотациясын және санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың жиынтығын ескере отырып жасалған. Оларға сәйкес, **тауық жұмыртқасының ақуызына, неомицинге және өндірісте қолданылатын басқа заттарға анафилаксиясы бар адамдарға ҚҚП вакцинасын егуге тыйым салынады.**

Поллиноз, аллергия және атопиялық дерматиті бар бірақ вакцина компоненттеріне аллегисы ЖОҚ бпаларға ҚҚП вакцинасы тыйым салынбаған. Аллергия туралы толығырақ [«Прививка» жобасының материалдарынан оқи аласыз.](#)

Гепатит В

[В вирустық гепатитке](#) (ВГВ) қарсы вакциналарда ашытқы микроорганизмдерінің қалдықтары болуы мүмкін (5 мг-ға дейін). Осы себепті ашытқыға қатты аллергиясы бар балаларға бұл вакциналарды егуге **[тыйым салынады.](#)**

Тұмау

Аллергиясы бар балаларды (әсіресе бронх демікпесі бар) жыл сайын [тұмауға қарсы вакцинамен](#) егу ұсынылады. Бұл [оларды аллергия ағымын нашарлататын аурулардан сақтайды.](#)

Тұмауға қарсы вакцина – бұл белсенділігі жойылған вакцина. Оның құрамында вирустың тірі бөлшектері жоқ. Қазақстанда тіркелген батыста өндірілген тұмауға қарсы вакциналар («[Инфлювак](#)», «[Инфлювак Тетра](#)», «[Ваксигипп Тетра](#)») құрамында жұмыртқаның қалдық ақуызы овальбумин болуы мүмкін технологиялардың көмегімен [жасалады](#). Сондай-ақ біздің елімізде тұмауға қарсы ресейлік «[Гриппол плюс](#)» және «[Гриппол](#)» вакциналары тіркелген. Бұл вакциналарды өндіру техникасы батыстық аналогтардан ерекшеленеді – оның негізі ретінде жапон бөденесінің [жұмыртқасының ақуыздары](#) қолданылады.

«[ҚР санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына](#)», сәйкес тауық эмбриондарының көмегімен жасалған тұмауға қарсы вакцинаны алу

тауық жұмыртқасының ақуызына және штаммдарды өсіруге арналған ортаның компоненттеріне (ақуыздар, антибиотиктер және басқа заттар) аллергиялық реакциясы бар адамдарға тыйым салынады.

АҚПАРАТ: [АҚШ-тың Ауруларды бақылау және алдын алу орталығының](#) мәліметтері бойынша, балалардың шамамен 1,3%-ы жұмыртқаға аллергиядан зардап шегеді. Алайда, егер балалар жұмыртқаны қуырып немесе нан өнімдерінің құрамында жей алса, онда тұмауға қарсы вакцина алуға рұқсат етіледі. [Vaccine Safety Datalink](#) зерттеулері кезінде вакцинаның **7,4 миллионнан** астам дозасын еккеннен кейін анафилаксия тек 10 адамда тіркелді және бұл жағдайлардың көпшілігі вакцинаның құрамындағы **жұмыртқаның ақуызымен байланысты емес екені белгілі болды.**

Ротавирустық инфекция (РВИ)

[Ротавирустық инфекция \(РВИ\)](#) ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін: өмірге қауіп төндіретін сусыздану, жүйке жүйесінің зақымдануы және жіті бүйрек жеткіліксіздігі. Әсіресе 2 жасқа толмаған балалар бұл инфекцияны өте қиын көтереді.

РВИ-ге қарсы вакцинаның [құрамында тауық ақуызы мен микробқа қарсы заттар жоқ, сондықтан аллергиясы бар балаларда тамақ аллергиясын \(соның ішінде сүттің ақуыз компоненті – казеинге\) тудыруы мүмкін емес.](#)

РВИ вакцинасы – оральді тірі вакцина. Бұл вакцина барлық балаларға өмірінің бірінші жылында ұсынылады. [ДДСҰ 6 аптаға толғаннан кейін](#) балаларды мүмкіндігінше тезірек егуді ұсынады.

МАҢЫЗДЫ! РВИ-ге қарсы вакцина ҚР Ұлттық егу күнтізбесіне кірмейді және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізілмейді. Бұл вакцина қосымша болып табылады және оны алу ұсынымдық сипатқа ие.

Желшешек

[Желшешек](#) - бұл ауырғандардың 20%-да вирус ағзада мәңгі қалып, келешекте белдемелі герпес тудыруы мүмкін өте жұқпалы ауру.

Атопиялық дерматиті (экзема) бар балалар [желшешекпен ауырған кезде оның ауыр түріне ұшырайтын қауып-қатер тобына кіреді.](#)

Желшешекпен ауырған кезде балаларға жұмсақ тіндердің бактериялық инфекциялары жиі қосылады (тіпті [стафилококк инфекциясы](#)).

Желшешекті алдын алу үшін 12-15 айлық жаста тірі вакцина егіледі.

Желшешекке қарсы вакцинаның құрамында тұрақтандырғыш және консервант ретінде қолданылатын желатин мен неомициннің қалдық мөлшері бар. Сондықтан бұл компоненттерге аллергиясы бар балаларға осы вакцинаны алуға тыйым салынады.

[АҚШ-тың ауруларды бақылау және алдын алу орталығы](#) вакцинациядан кейін аспирин негізіндегі дәрі-дәрмекті 6 апта бойы қабылдаудан бас тарту керектігін ескертеді. Сондай-ақ, желшешекке қарсы вакцина қан препараттарын алғаннан кейін 3-11 айға дейін вакцинацияға қарсы көрсеткіш болып табылады. Медициналық бас тарту мерзімі енгізілетін өнімнің дозасы мен түрін ескере отырып есептеледі. Сондықтан вакциналаудың алдында міндетті түрде дәрігермен кеңесу керек.

МАҢЫЗДЫ! Желшешекке қарсы вакцина ҚР Ұлттық егу күнтізбесіне кірмейді және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізілмейді. Бұл вакцина қосымша болып табылады және оны алу ұсынымдық сипатқа ие.

Менингококк инфекциясы

Менингококк – менингит пен менингококк инфекциясының қоздырғышы. Бұл ауру көбінесе 6 айдан 3 жасқа дейінгі балаларды зақымдайды. Инфекция түрлі жолдармен жүруі мүмкін: асимптоматикалық тасымалдаудан бастап менингоэнцефалит немесе іріңді менингит түріндегі ауыр асқынулардың дамуына дейін.

Менингококктың бірнеше серотиптері бар. Көбінесе ауруды А, В, С, W, X және Y серотиптері жиі тудырады. [ДДСҰ](#) мәліметтері бойынша, бүгінгі күні

әлемде менингококкпен күресу үшін моновалентті және поливалентті конъюгацияланған вакциналар шығарылды және тіркелді.

[А, С, W-135, Y серотиптеріне қарсы инактивтендірілген вакцинаны](#) 6-12 айлық жастан бастап балаларға қолдануға болады. Ауруға қарсы иммунитетті қалыптастыру үшін балаға 3 дозадан тұратын серия қажет. Егер вакцина 1 жастан асқан балаларда қолданылса, онда вакцинаның 1 дозасы жеткілікті.

МАҢЫЗДЫ!

Менингококк инфекциясына қарсы вакцина ҚР Ұлттық егу күнтізбесіне кірмейді және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізілмейді. Бұл вакцина қосымша болып табылады және оны алу ұсынымдық сипатқа ие.

ҚР Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілген вакциналар*

- [БЦЖ](#): туберкулезге қарсы;
- [ВВГ](#): В вирустік гепатитіне қарсы;
- [АБКДС-Хиб-ИПВ](#): көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, гемофильдік таяқшаға, полиомиелитке қарсы біріктірілген вакцина;
- [АБКДС-ВГВ-Хиб-ИПВ](#): көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, гемофильдік таяқшаға, полиомиелитке, В гепатитіне қарсы біріктірілген вакцина;
- [ОПВ](#): полиомиелитке қарсы;
- [Пневмо](#): пневмококк инфекциясына қарсы;
- [ҚҚП](#): қызылшаға, қызадыққа, паротитке қарсы;
- [ВГА](#): А гепатитіне қарсы.

*Егер сіздің балаңыз екпелерді кесте бойынша өткізіп алса, отбасылық дәрігермен немесе педиатрмен бірге есесін толтыратын вакциналау [калькуляторын қолдана отырып, қуып жететін вакцинациялау кестесін құруды ұсынамыз.](#)

Екпе алу алдында не білу керек?

Вакцина алғаннан кейін бала 30 минут бойы медициналық қызметкерлердің бақылауында болуы керек. Бұл аллергиялық реакцияның жедел түрін уақытылы тану үшін қажет.

Тірі вакциналарда вирус бөлшектері бар екенін ескерген жөн. Жасанды түрде әлсірелген, бірақ сонымен бірге тірі вирусқа тап болған кезде ағза иммунитетті нағыз ауруға ұқсас түрде дамытуды үйренеді. Осы себепті, ҚҚП немесе желшешекке қарсы вакциналарды еккеннен 7-14 күннен кейін бөртпе пайда болуы мүмкін – бұл вакциналауға қалыпты реакция. Бөртпе түріндегі кешіктірілген реакциялар ауруға тек ұқсайтынын және аллергия еместігің есте ұстаған жөн.

[Вакциналаудан бұрын антигистаминді дәрілерді қабылдау](#) аллергияның нақты белгілерін жасыруы мүмкін. [Антигистаминді дәрілер](#) қышу мен есекжем пайда болған кезде ұсынылуы мүмкін – бұл жағдайда оларды қабылдау мәселесін және тәртібін емдеуші дәрігер шешеді.

Инфекциялардың өршуі кезінде вакциналау аурудың ықтимал асқынуларынан және емдеудің жанама әсерлерінен айтарлықтай асып түседі. Жоспарлы түрде егілмеген тамақ аллергиясы, поллиноз, атопиялық дерматит, есекжем бар балаларға төтенше жағдайларда вакцинаны алу көрсетіледі.

Вакциналауға қарсы көрсетілімдер

Аллергиямен байланысты вакциналауға қарсы уақытша көрсетілімдер:

- Аллергияның өршу кезеңдері, аллергия белгілерінің болуы, есекжем, аллергиялық риниттің маусымдық өршуі.

МАҢЫЗДЫ! Жоғарыда аталған барлық жағдайлар уақытша қарсы көрсетілімдер болып табылады. Жағдайды қалыпқа келтіргеннен кейін және емдеуші дәрігермен кеңескеннен кейін вакцина алуға болады.

Вакциналауға қарсы тұрақты көрсетілімдер:

- Вакцина компоненттеріне аллергия немесе төзімсіздік.
- Вакцинаның алдыңғы дозасын енгізгеннен кейін ауыр аллергиялық реакция (оның ішінде анафилаксия).

- Вакцинаның кез келген компонентіне ауыр аллергиялық реакция.
- Осы вакцинаны алдыңғы енгізгеннен кейін 48 сағат ішінде дамыған күшті реакция (дене температурасының 40°C дейін және одан жоғары көтерілуі, ұзақ, әдеттен тыс жылау синдромы - 3 сағат немесе одан да көп, фебрильді немесе афебрильді ұстамалар, гипотониялық-гипореактивті синдром).
- Вакцинациядан кейін 7 күнтізбелік күн ішінде дамыған, өзге дәлелденген себепке байланысты емес, орталық жүйке жүйесінің үдемелі аурулары, энцефалопатия (кома, сананың бәсеңдеуі немесе ұзаққа созылған құрысулар).
- Тауық жұмыртқасының ақуызына және штамм өсіру ортасының компоненттеріне (ақуыздар, антибиотиктер және басқа заттар) аллергиясы бар адамдарға тауық эмбрионы негізінде жасалған тұмауға қарсы вакцинаны алуға тыйым салынады.
- Тауық жұмыртқасының ақуызына жедел аллергиялық реакция (вакцина вирустары тауық эмбриондарында өсірілген жағдайда, пайда болуы мүмкін).
- Тірі вакциналар өндірісінде қолданылатын аминогликозидтерге, неомицинге және басқа антибиотиктерге жедел аллергиялық реакция.
- Белсенділігі жойылған полиомиелитке қарсы вакциналарды (ИПВ) өндіруде қолданылатын неомицинге немесе стрептомицинге жедел аллергиялық реакция.
- ВГВ вакциналарын өндіруде қолданылатын ашытқыға жедел аллергиялық реакция.

МАҢЫЗДЫ! Тұрақты және уақытша қарсы көрсетілімдердің толық тізімімен [сілтемеге](#) өтіп, танысуға болады.